

ISSN (Print) 2616-7174
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ЖУРНАЛИСТИКА сериясы

JOURNALISM Series

Серия **ЖУРНАЛИСТИКА**

№1 (126)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2019

Astana, 2019

Бас редакторы Қайрат Сак

филология ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Айтмұханбет Есдәулетов** *ф.ғ.канд., доцент (Қазақстан)*
Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кендірбай** *PhD (АҚШ)*

Редакция алқасы

Алдабергенов Қырықбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Асанов Қойлыбай	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбдіманов Өмірхан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбішева Вера	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Бейсенқұлов Аязби	Ф. ғ. к., доцент (Қазақстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (АҚШ)
Дзялошинский Иосиф	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Жақып Бауыржан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Жусупова Алматы	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Ирназаров Кудрат	Т. ғ. д., проф. (Өзбекстан)
Корконосенко Сергей	Саяси ғ. д., проф. (Ресей)
Қара Әбдіуақап	Т. ғ. д., проф. (Түркия)
Қозыбаев Сағымбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Лебедева Татьяна	Ф. ғ. д., проф. (Франция)
Нұртазина Роза	Саяси ғ. д., проф. (Қазақстан)
Омашев Намазалы	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Ризун Владимир	Ф. ғ. д. проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Қазақстан)
Сердәлі Бекжігіт	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Тахан Серік	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Тоқтағазин Мұратбек	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Халилов Әбдіғани	PhD, проф. (Қырғызстан)
Ченгел Хулия Касапоғлы	PhD, проф. (Түркия)
Шайхитдинова Светлана	Филос.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалахметов Ғаділбек	Халықаралық Еуразиялық телевидение және радио академиясының академигі (Қазақстан)
Шестеркина Людмила	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Шульцман Петр	Өнертану ғ. к., доцент (Қазақстан)

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев
Жауапты хатшы: Гүлжазира Ертасова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16995-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 25 дана.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі ,13/1, тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Kairat Sak**
Candidate of Philology, Professor (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Aitmukhanbet Yesdauletov** *Candidate of Philology, Associate Professor (Kazakhstan)*
Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor (USA)*

Editorial board

Aldabergenov Kyrykbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Asanov Koilybay	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abdimanov Omirkhan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Beisenkulov Ayazbi	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Brown Michael	PhD, Prof. (USA)
Dzylaloshinski Iosif	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Jakyp Baurjan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhussupova Almatay	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Irnazarov Kudrat	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Uzbekistan)
Korkonosenko Sergei	Doctor of Political Sciences, Prof. (Russia)
Kara Abdulvahap	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Turkey)
Kozybayev Sagymbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Lebedeva Tatiana	Doctor of Philology, Prof. (France)
Nurtazina Roza	Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Omashev Namazaly	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Rizun Volodymyr	Doctor of Philology, Prof. (Ukraine)
Syed Agil bin Shekh	PhD, Prof. (Malaysia)
Saubayev Madiyar	PhD, Prof. (Kazakhstan)
Bekzhigit Serdaly	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Takhan Serik	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Khalilov Abdygani	PhD, Prof. (Kyrgyzstan)
Çengel Hülya Kasapoglu	PhD, Prof. (Turkey)
Shaikhitdinova Svetlana	Doctor of Philosophy, Prof. (Russia)
Shalakhmetov Ghadilbek	Academician of the International Eurasian Academy of Television and Radio (Kazakhstan)
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Shultsman Petr	Candidate of Art, Assoc. Prof. (Russia)

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev
Executive Secretary: Guljazira Yertasova

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity off economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16995-Ж from 27.03. 2018.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Кайрат Сак**
кандидат филологических наук, профессор (Казахстан)

Зам. главного редактора **Айтмуханбет Есдаuletов** к.ф.н., доцент (Казахстан)
Зам. главного редактора **Гульнар Кендирбай** PhD (США)

Редакционная коллегия

Алдабергенов Кырыкбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Асанов Койлыбай	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абдиманов Омирхан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абишева Вера	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Бейсенкулов Аязби	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (США)
Дзялошинский Иосиф	Д. ф. н., проф. (Россия)
Жакып Бауыржан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Жусупова Алматы	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Ирназаров Кудрат	Д. ист. н., проф. (Узбекистан)
Корконосенко Сергей	Д. полит. н., проф. (Россия)
Кара Абдиуакап	Д. ист. н., проф. (Турция)
Козыбаев Сагимбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Лебедева Татьяна	Д. ф. н., проф. (Франция)
Нуртазина Роза	Д. полит. н., проф. (Казахстан)
Омашев Намазалы	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Ризун Владимир	Д. ф. н., проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Казахстан)
Сердали Бекжигит	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Тахан Серик	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Токтагазин Муратбек	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Халилов Абдигани	PhD, проф. (Киргизстан)
Ченгел Хулия Касапоглу	PhD, проф. (Турция)
Шайхитдинова Светлана	Д. филос. н., проф. (Россия)
Шалахметов Гадильбек	Академик Международной Евразийской академии телевидения и радио (Казахстан)
Шестеркина Людмила	Д. ф. н., проф. (Россия)
Шульцман Петр	К. н. искусств., доцент (Казахстан)

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев
Ответственный секретарь: Гульжазира Ертасова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16995-Ж от 27. 03. 2018 г.
Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 25 экземпляров.
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

<i>Арын Е.М., Арин Р.С.</i> Медиа кеңістіктің эволюциясы: қоғам мен үкіметтің байланысы	8
<i>Нұртазина Р.А.</i> Қазақстанның ақпараттық саясаты және медиа-жобалау	20
<i>Садықов С.</i> Қазақстандағы гендерлік саясат және журналистика	27

ЖАҢА МЕДИА

<i>Әлімжанова А.Б., Исабек Н.Е.</i> Мультимедиалық мәтін трансформациясы	39
<i>Демьянова Ю.А., Абишева В.Т., Джакипова Д.Ж.</i> Заманауи СМЖ форматтағы медиалық тұлғаның имиджін қалыптастыру тұжырымдамасы	45
<i>Құтым Л.Қ., Есенбекова Ұ.М.</i> Цифрлық ортада ақпараттың адамға әсерін медиапсихологиялық тәсілдермен талдау	53
<i>Тахан С.Ш., Байгожина Д.О.</i> Мәдениеттен медиа-мәдениетке: қоғамдағы заманауи коммуникациялық қатынастардың жаңа құбылыстары	59

PR ТЕХНОЛОГИЯСЫ

<i>Құсайынова М.М., Ишанова А.Қ.</i> Қазақстандық әлеуметтік медиа үлгісінде маркетинг-сторителлинг техникасы	67
---	----

ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

<i>Мұтарбекқызы А.</i> Шынайылық – деректіфильмнің түп-тамыры	74
---	----

ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ

<i>Омашев О.Н., Сәйдірахман Ұ.</i> Кеңестік қазақ баспасөзі: ұлттық мүдде және саясат қайшылығы	81
---	----

Contents

PUBLISHING AND INTERNET MEDIA

<i>Aryn Ye.M., Aryn R.S.</i> Evolution of media space: communications between the society and authorities	8
<i>Nurtazina R.A.</i> Information policy of Kazakhstan and media projection	20
<i>Sadykov S.</i> Gender policy and journalism in Kazakhstan	27

NEW MEDIA

<i>Alimzhanova A.B., Issabek N.E.</i> Transformation of Multimedia Text	39
<i>Demyanova Yu.A., Abisheva V.T., Dzhakipova D. Zh.</i> The concept of the formation of the image of the media personality in the modern format of the QMS	45
<i>Kutym L.K., Yessenbekova U.M.</i> Analysis of the impact of information in a digital environment on a person by media psychological methods	53
<i>Tahan C.Sh., Baygozhina D.O.</i> From culture to media culture: new phenomena of modern communication relations in society	59

TECHNOLOGIES PR

<i>Kussainova M.M., Ishanova A.K.</i> Marketing-storytelling technique on the example of Kazakhstan social media	67
--	----

TELERADIOJOURNALISTIKA

<i>Mutarbek A.</i> Authenticity - is the root of documentary film	74
---	----

HISTORY OF JOURNALISM

<i>Omauev N.O., Saidirakhman U.</i> Soviet origins of the Kazakh press: national interests and political contradictions	81
---	----

Содержание

СМИ И ОБЩЕСТВА

<i>Арын Е.М., Арин Р.С.</i> Эволюция медиа-пространства: связи общества и власти	8
<i>Нуртазина Р.А.</i> Информационная политика Казахстана и проекция СМИ	20
<i>Садыков С.</i> Гендерная политика в Казахстане и журналистика	27

НОВЫЕ МЕДИА

<i>Алимжанова А.Б., Исабек Н.Е.</i> Трансформация мультимедийного текста	39
<i>Демьянова Ю.А., Абишева В.Т., Джакипова Д.Ж.</i> Концепция формирования имиджа медийной личности в современном формате СМК	45
<i>Кутым Л.К., Есенбекова У.М.</i> Анализ влияния информации на человека в цифровой среде медиа-психологическими методами	53
<i>Тахан С.Ш., Байгожина Д.О.</i> От культуры к медиакультуре: новые феномены современных коммуникационных отношений в социуме	59

ТЕХНОЛОГИИ PR

<i>Кусаинова М.М., Ишанова А.К.</i> Техника маркетинг-сторителлинга на примере казахстанских социальных медиа	67
---	----

ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

<i>Мутарбек А.</i> Подлинность - корни документального фильма	74
---	----

ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Омашев О.Н., Сайдирахман У.</i> Советские истоки казахской печати: национальные интересы и политические противоречия	81
---	----



FTAMP 19.31.09

А.Б. Әлімжанова¹, Н.Е. Исабек²

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: ¹aikerim.alimzhan@gmail.com, ²nurdaulet.issabek@gmail.com)

Мультимедиалық мәтін трансформациясы

Аңдатпа. Мақалада қазіргі интеграциялық тенденциялар жүйесіндегі БАҚ-тағы мультимедиалық мәтіннің дамуына сараптама жасалады. Мультимедиалық мәтіннің ерекшеліктері мен заманауи коммуникативті үрдіске сипаттама беріледі. Ақпаратты тасымалдаушы арналардың өзгерістері мен контенттің функционалды қызметінің трансформациялануы жан-жақты қарастырылады. Ақпаратты таратушы мен қабылдаушы арасындағы байланыстар нақты мысалдар негізінде талданады. SEO қызметінің медиа мәтінге тигізетін әсері, сондай-ақ коммуникативтік актінің өзегі екендігі анықталады. Мультимедиалық журналистикадағы медиа мәтіннің алдағы уақытта даму стратегиялары сарапталды.

Түйін сөздер: мультимедиалық журналистика, жаңа технологиялар, мультимедиалық мәтін, визуализация, статистика, веб медиа.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-126-1-39-44>

Кіріспе. Бүгінгі заманалы медиакеңістіктегі бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі қызметі – жылдамдық, мобильділік, универсалдылық, интерактивтілік, мультимедиалық болып отыр. БАҚ талаптарына ақпаратты жинап, іріктеп ұсыну ғана емес, енді жаңа технологиялар көмегімен мәтінге визуализация құралдарын қосу қажеттілігі туындауда. БАҚ-тың мультимедиалануы сандық революциямен тығыз байланысты. Сондай-ақ, техникалық мүмкіндіктер – қолданушы талаптарына сай ақпарат таратуға мәжбүр. Соңғы он жылда ақпарат тарату мен қабылдаудың түрі өзгерді. Күн сайын медианың түрлі саласынан тараған ақпараттың бәрін бірдей қадағалау мүмкін емес.

Дәстүрлі БАҚ пен коммуникацияның түрлеріне жаңа медиа мен жаңа коммуникация түрлері қосылды. Олар: блогтар, әлеуметтік желі, мобильді телефондар, планшеттер т.б. Ақпаратты тұтынушы кез келген жерде қолдана береді. Мысалы, Google Glass шағын экраны арқылы алынған ақпарат көздің қарашығына бірден ілінеді.

Бүгінде футуролог-медиа эксперттердің пайымдауынша: адамның айналасындағы ауқымды контент ақпараттың мультимедиалануына алып келді, сондай-ақ бұл ақпарат қабылдаудың негізгі түріне айналады деген болжам жасайды. Бүгінде адамдар ақпаратты мәтіндік ойлау түрлерінен кескіндік ойлау мен визуалды қолданысқа бағыт алды [1]. Жүргізген зерттеулер нәтижесінде статистикалық көрсеткіш бойынша 40% – аудитория визуалды, ал 20-30% – аудиалды ақпаратты тұтынады. Аудитория интерактивті контентке дағдыланып барады.

Ғалымдар мультимедиалық журналистика – бір ақпаратты белгілі бір арнада түрлі пішінде жеткізудің тәсілі ретінде зерттейді [2, 64]. Мысалы, интернет сайттардағы ақпарат немесе мақала қосымша видео немесе аудио, түрлі иллюстрациялармен, инфографикамен толықтырылса, бұл мультимедиа өнімі.

Мультимедиалық контент дайындауға арналған құралдардың пайда болуы – мультимедиалық журналистиканың дамуына жол ашты [3, 76]. Сондай-ақ, қазір SEO – жарнамалау техникалық құбылыс болды. SEO – бұл «Search Engine Optimization» аббревиатурасы. Іздеушітер ұсыныстарында сайт саралауын жақсартуға бағытталған амалдар жиынтығы. Жалпы іздеу оптимизациясы және интернетте контент жасаушылардың негізгі құралы деуге болады. Ол аналитикалық-математикалық-психологиялық әрекеттің қандай да бір түріне айналды.

1. Ол ресурстарды іздеу жүйесін сүзгілерден өткізуге көмектеседі.
2. Мақсатты аудиторияны көбейтеді.
3. Аз оқылатын сайтқа оқырмандарды тартады.
4. Егер бизнес сайт болса, сатылым деңгейін көтереді.
5. Сайтты ТОП-10 қатарынан көруге көмектеседі.

SEO – насихат бір рет қана жасалатын іс-әрекет емес. Іздеу механизмдерінің алгоритмдері үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан кез-келген ресурстың тұрақтылығына сенімді болу мүмкін емес. Көбінесе, кешкі уақытта негізгі сұраныс бойынша сайт бірінші үштігіне кіріп, ал келесі күні таңертең іздеу сұрақтары тізімінде жиырмасыншы болып тұрса, бұл таңқаларлық жағдай емес. Бірақ ішкі және сыртқы сауатты іздеу жүйесінің жарнамалық құзыретінің арқасында бұрынғы рейтингті қалпына келтіруге болады. Сайт жүйесін оңтайландырудың өзіндік талап-мақсаттары бар. Қазақ тілді сайттардың көп оқылмай, ашылуынан жабылуы тез болатынының себебі де осы оңтайландыру жүйесінің дұрыс жолға қойылмауынан кедергілерге ұшырап отыр. Тақырыптардың шұбалаңқылығы мен кілтті сөздерді дұрыс қолданбау оңтайландыру жүйесіндегі негізгі мәселелер десек қателеспейміз.

Негізгі бөлім. Мультимедиалық технологиялардың дамуы журналистика саласына көп өзгерістер алып келді. Қазнеттің аяққа тұру кезеңдерінде 2005-2015 жылдар аралығында контент сапасыздығы, сайт құрылымының ыңғайсыздығы сынды мәселелер орын алса, соңғы 3-4 жылда оң өзгерістер байқалуда. Белгілі бір салаларды қоспағанда, сайттардың бағытына қарай бірнеше балама, бір-біріне бәсекелес ресурстар пайда болды.

Британдық Reuters зерттеу институтының профессоры, журналист, стратег ғалым Ник Ньюман 2012 жылдан бері әлемдік сандық медианың дамуы мен жаңа технологиялардың журналистикаға әсерін анықтап, жыл сайын сараптама қорытындыларын жариялап отырады. Өткен жылы әлемнің 24 елінен 143 сандық медиа лидерлерін зерттей отырып бірнеше тұжырым жасайды. Әсіресе, алдағы уақытта факчекингті сервистер танымал болатынын, газет-журналдар толықтай онлайнға өтетінін және таргетинг алгоритмдік технологиясының дамитындығын айтады.

Әлемдік маңызы бар «Washington Post» газеті Facebook Instant Articles сервисін қолдана отырып, жазылушыларының почталарына тікелей ақпарат салып отырады. Ал «New York Times», «Quartz», «Financial Times» өз оқырмандарынан ажырамау үшін жеке каналдарын ашып, ақпарат таратуды қолға алды. Біздің елде де бұл үрдістер қарқынды дами қоймаса да, алға жылжу байқалады. Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің сайты аудио, видео материалдарды, инфографикамен мәтіндерді тиімді қолданып жүр. Сондай-ақ, «Қазконтент» АҚ-ның ақпараттық, салалық сайттары мультимедиалық құралдар көмегімен материалдар жариялап, өз аудиториясын қалыптастырды. «Қазконтент» акционерлік қоғамы 2009 жылы ұлттық контентті жасау және Интернет желісінің қазақстандық бөлігін дамыту мақсатында құрылған болатын. Қоғамның негізгі міндеті мемлекеттік интернет-ресурстарды дамыту арқылы қазақстандықтардың ақпараттағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болды. Қоғамның желілік жобалары: www.primeminister.kz, www.strategy2050.kz, www.baq.kz, www.bnews.kz, www.adebiportal.kz, www.e-history.kz, www.el.kz, www.kaztube.kz. Тақырыптық сайттардағы подкаст пен аудиокітаптарды тыңдаушылар саны артқан.

Журналистиканың негізгі рөлі әлеуметтік және қоғамдық қызығушылықтарды зерттеуге арналып кеткені шындық [4, 63].

Бүгінде дыбыстық платформалардың пайда болуы да ақпарат таратуда, қабылдауда жаңа формаларды сіңіруге итермелейді. Мәселен, Alexa (Amazon), Siri (Apple), Microsoft's Cortana (Microsof), Google Assistant т.б. сервистер аудио-визуалды ақпараттардың көбірек таралуына жол ашып отыр.

Google іздеу жүйесінің бас директоры Сундар Пичай бүгінгі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамыған мобильді телефон әлемін жасанды интеллектіге бағытталғанын айтады. Ғылым, білімнің бір ортаға тоғысуы, адамзатқа қолжетімді қызмет етеді. Осы орайда SEO баптаудың маңызы артатындықтан, оның негізгі үш түріне тоқталуды жөн көрдік.

1. Дұрыс баптау.

- ішкі баптау – сайт парақшасының мазмұнын ереже бойынша толықтыру. Яғни, сайт парақшасындағы Title, Description және Keywords сияқты ілмек сөздерді шамадан артық кетпей қосып жазу.

- сайт парақшаларын бір-бірімен сілтеме арқылы байланыстыру.

- халықтың ең көп сұранысына ие ілмек сөздерді семантикалық ядро ретінде қолдану.

2. Бұрыс баптау.

- сыртқы сілтемелерді басқа ресурстардан сатып алу арқылы жоғарылату.

- ілмек сөздерді мөлшерден тыс қолдану.

3. Теріс баптау.

- көптеген сателлит (көмекші) сайттар ашып, негізгі сайтқа сілтемелер жасау арқылы жоғарғы сатыға шығару.

- сілтемелер сату үшін уақытша пайда табуға арналған сайттар ашу.

Ойталқы. Іздеу жүйесін оңтайландыру – тек қана технология емес, бизнестің көзі. Бүгінде SEO компаниялардың айлық табысы миллион доллардан асады. Ал ол іздеуші жүйелердің табысы. Мәселен, Google тек қана іздеуші ретіндегі күндік табысы он мың доллардан асады. Google қызметі әлемдік бренд десе де болады. Оған қосымша YouTube, Блогер және т.б. көптеген сервистері бар. Жалпы Google компаниясының күндік табысы шамамен 1 млрд. долларды құрайды. Жаңа медиа қолданушыға ақпарат әлемінде еркін жазуға, ой-пікір алмасуға мүмкіндік берді. [5, 8.]. Сонымен қатар коммуникациялық қарым-қатынаста сандық, сапалық шектеусіз қолдану қоғамға бірталай шешусіз мәселелерді ала келгені рас [6, 304]. Десек те ғалымдардың әлеуметтік зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, оңтайландырудың бірнеше жолдарын ұсынамыз.

Беттің мәтінін дайындау. Мәтіннің көлемі үлкен рөл атқарады. Іздеу жүйесі қысқа мәтіндермен салыстырғанда ұзақ мәтіндерді жақсы көреді. Оңтайлы мәтін – 3000-4000 таңба немесе одан көп болғаны дұрыс. Мәтіннің бірегейлігі – рейтингтің өте маңызды факторы.

Яндекс және Google іздеу жүйелері қазіргі таңда бастапқы дерек көздеріне көңіл бөлуде. Мысалы, бір сайт белгілі бір тақырыпқа байланысты мақала жариялады дейік және ол сайтты А деп белгілесек. Кейіннен сол ақпаратты басқа сайттар (Б, В, Г) өздеріне көшіріп, астына қайдан алғандығын, яғни бастапқы дерек көзін, А сайтқа сілтеме жасап көрсетеді. Сайттарда сілтеме көп жасалған сайын ол сайттың деңгейінің өсуіне үлкен көмектеседі. Іздеу жүйелері мұндай сайттарды сенімді деп санап, алдыңғы қатарлы сайттар тізіміне қосады.

Сондықтан мақала немесе сайттың төменгі жағына сайтыңыздан ақпарат алған жағдайда сілтеме көрсету міндетті екенін ескерткен жөн. Көшірудің шарттарын көрсету маңызды, мысалы, «Мәтіндерді әкімшіліктің рұқсатынсыз көшіруге тыйым салынады» немесе «Мәтіндерді көшіру кезінде, бастапқы бетіне гиперсілтеме қажет» деп жазу керек. Сонда басқа сайттар сіздің сайтыңыздан ақпарат алатын болса, гиперсілтеме көрсететін болады.

Мәтіннің сапасы маңызды көрсеткіш болып табылады. Әрине, іздеу жүйесі мәтіннің мағынасын, сапасын дұрыс ажырата алмауы мүмкін. Дегенмен, мәтінде қате көп болса, автоматты түрде қойылған мәтін болса, ондай жағдайда іздеу жүйелері оны спамға жібереді.

Сондай-ақ, мәтін жазған кезде, ерекше атап көрсетілетін сөздер болса, оны цитата күйінде немесе жекеше көрсетілсе, ол міндетті түрде іздеу жүйесінің оң көзқарасына ие болады. Ал іздеу жүйесінің бағалауы сайт деңгейін көтерері анық.

Мәтіндегі суреттер мен кестелер. Іздеу жүйелері мәтінде кестелер мен кескіндер болғанын ерекше қадағалайды. Себебі, жай мәтін емес, кестелер мен суреттер сайт қолданушыларының сол сайтта ұзақ отыруына септігін тигізеді. Мысалы, «Алматы қаласында қатты дауыл болды» деген ақпарат іздедік дейік, ал сол «қатты дауыл» деген кілт сөз бір ақпараттың ішінде 15-20 рет қайталануы мүмкін. Бұл шектен тыс переспам жасалған деген сөз. Уақыт пен энергияны үнемдеу үшін, кейбір оңтайландырушылар басты бетті барлық бәсекеге қабілетті кілт сөздермен толтырып шығады. Бұл ішкі беттеде де кездеседі: әрбір кілт немесе бірнеше кілттер тобы үшін бөлек оңтайландырылған бетті дайындаудың орнына, олар бірнеше ондаған негізгі кілт сөздер арқылы 2-3 бетті бірден жасайды. Елімізде рейтинг қуған сайттардың ондықта ілініп тұруының құпиясы осы. Дегенмен, журналистік мәтін, шығармашылық қызмет, сапалы, сауатты контенттің қажеттілігі бүгінгі күні анық сезіліп келеді.

Іздеу жүйелері пайдаланушылардың сұрауларына жауап беру үшін үздік алгоритмдерді үнемі жетілдіріп отырады. Олардың міндеті – пайдаланушының іздеу нәтижелерінің жұмысына қанағаттанғанына көз жеткізу. Желі қолданушысының қанағаттанғанын, іздеу жүйесі ұсынған ақпараттың қаншалықты пайдалы болғанын анықтауға болады. Ол үшін желі қолданушыларының қай сайттарда жиі отыратынын және қанша уақыт отыратынын білу керек. Оны Google Аналитика және Яндекс Метрика арқылы бақылауға болады.

Талдаудың нәтижесі. SEO баптау кезінде семантикалық ядро қолданылады. Семантикалық ядро – сайт парақшаларын жасауда оның тақырыбы төңірегіндегі ілмек сөздердің бір жүйеге бағынатын топтамасы. Сайтты насихаттау семантикалық ядроның жиналуымен басталады, яғни жоғарғы деңгейге жету үшін қажет негізгі тіркестерді таңдау маңызды. Кілт сөздерді таңдағаннан кейін сайтқа қандай қосымша бөлімдер мен беттер қосылатыны туралы шешім қабылданады. Сондықтан бірінші сөздерді таңдап, тек содан кейін сайтты ішкі оңтайландыру бойынша жұмыс істеген тиімді. Негізгі сөз тіркестерінің барынша көп мөлшерін таңдау ұсынылады. Кілтті сөздер трафикті жоғарлатушы құрал десе де болады. Медиа эксперттердің пікіріне сүйенсек, БАҚ аудиториясын жоғарлату мақсатында және оқырманмен кері байланыс орнатудың тиімді тәсілі ретінде push хабарлама тиімді [7, 370].

Біздің еліміздегі конвергенция батыс елдеріне қарағанда сәл басқашалау бағыт-бағдар алып отыр. Егер батыс елдеріндегі медианың конвергенциялануы бірінші кезекте коммерциялық мақсатты көздеп қалыптасса, біздің елімізде бұл қоғамның табиғи сұранысынан туындап отыр. Профессор Джон В. Пэвлик өз еңбегінде оңтайландыру жүйесінде контенттің дамушы пішіндері қатарында мыналарды атайды:

Иммерсивті видео – жаңа медиа мәтініндегі панорамалық видео, аудиторияға кеңістікті 360 градуста көру мүмкіндігін береді. Бұл технология жаңа медиа журналистеріне сюжетті қосымша элементтермен көріктендіріп, оқиғаны жаңаша баяндауға жол ашады. 3D-графика – ені, ұзындығы және тереңдігі қамтылатын графика. Журналистикада көбінесе иллюстрациялық элемент ретінде қолданылады. Жаңа медиа өнімінде үш көлемді иллюстрацияның пайдалануы маңызды. Өйткені ол шынайы бейненің көшірмесі іспеттес.

Интерактивті фотография – жаңа медиа журналистері қолданатын баяндау құралдарының бірі. Интерактивті суреттер қосымша ақпарат беру мақсатында қолданылады. Мысалы, әлеуметтік желілерде суретте кім бар екенін белгілеу, инфографиканы қолдану немесе суреттер арқылы репортаж жасау.

Құрастырылған деректі фильмдер – бұл пішін деректі фильмдер әзірлеп, адам басына арнайы құрылғы кигізу арқылы фильмді көрсетуге негізделеді. Басына арнайы құрылғыны киген адам оқиға болып жатқан жерде өзі тұрғандай әсер алып, оқиғаға өз қатысқандай сезіне алады [8, 93].

Толықтай өзін-өзін қаржыландыратын жүйесі қалыптаса қоймағандықтан еліміздегі журналистикаға мультимедиа дәуірінде бірнеше сын-кедергіден өтуіне тура келеді. Бұл журналистерді мультимедиа құралдарын даярлаудан бастап, тұтас редакцияның менеджменті мен техникалық жабдықтарын өзгертуге дейінгі аралықты қамтиды.

Қорытынды. Технологияның дамуы – адамзатқа орасан зор мүмкіншіліктер туғызуда. Ғаламтордың пайда болуы журналистикаға жаңаша түр мен сипат берді. Жаңа медиа күн сайын дамып, қолданушылар саны артып келеді. Медиа мәтіннің басты ерекшелігі – интерактивтілігі, уақытқа тәуелсіздігі және сол сәтте ақпаратты архивациялауға қабілеттілігі. Бірнеше мультимедиялық құралдан дайындалған ақпарат бір-бірін толықтырып отыратыны анық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 The Principles of Multimedia Journalism. Packaging digital news. New York, 2015. P. 218.
- 2 Вартанова Е.Л. О современных медиа и журналистике: заметки исследователя. / Е.Л. Вартанова - Москва: МедиаМир: 2015. – 136 с.
- 3 Баранова Е.А. Конвергентная журналистика. Теория и практика. / Е.А. Баранова - Москва: ЮРАЙТ, 2014. – 269 с.
- 4 Самарцев О.Р. Цифровая реальность. Журналистика информационной эпохи: факторы трансформации, проблемы и перспективы. / О.Р. Самарцев - Москва: Издательские решения, 2017. – 120 с.
- 5 Корконосенко С.Г. Теория журналистика: моделирование и применение. / С.Г. Корконосенко. – Москва : Логос, 2010. – 242 с.
- 6 Мельник Г.С. Актуальные проблемы современности и журналистика: учеб. пособие. / Г.С. Мельник, А.Н. Тепляшина. – 2-е изд. испр. и доп. – Санкт-Петербург: Изд-во «Санкт Петербург. гос. ун-та», 2009. – 241 с.
- 7 МакКуэйл Д. Журналистика и общество / Д. МакКуэйл. - Москва: МедиаМир, 2014. - 374 с.
- 8 Амзин А.А. Особенности медиапотребления // Как новые медиа изменили журналистику. 2012–2016. / А.А. Амзин - Екатеринбург: Гуманитарный университет, 2016. С. 86-100.

А.Б. Алимжанова, Н.Е. Исабек

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Трансформация мультимедийного текста

